

Автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерге арналған салықтың базалық мөлшерлемелері туралы

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 мамырдағы № 21/182 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 мамырда № 4763 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 505 бабына және 509 бабының 3 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Автотұрақтардың (паркингтердің) санаты осы шешімнің 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Автотұрақтардың (паркингтердің) санатына қарай автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерге арналған салықтың базалық мөлшерлемелерінің мөлшері осы шешімнің 2 қосымшаға сәйкес ұлғайтылсын.

3. Шет аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 маусымдағы "Автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жер үшін салықтың базалық ставкалары туралы" № 30/268 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 3317 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 шілдедегі № 28 (10544) "Шет Шұғыласы" газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 14 шілдесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Р. Шакиржанова

Б. Төлеуқұлов

Шет аудандық мәслихатының
2018 жылғы 5 мамырдағы
XXI сессиясының № 21/182
шешіміне 1 қосымша

Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

Р/с №	Автотұрақтардың (паркингтердің) түрлері	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаты
1.	Жабық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	I санат
2.	Ашық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	II санат

Шет аудандық мәслихатының
2018 жылғы 5 мамырдағы
XXI сессиясының № 21/182
шешіміне 2 қосымша

Автотұрақтардың (паркингтердің) санатына қарай автотұрақтарға (паркингтерге) арналған жер үшін салықтың базалық мөлшерлемелерінің мөлшері

№	Санаттары	Мөлшерлері
1	I санаты	10 есе
2	II санаты	10 есе

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК